


«БЕКІТЕМІН»

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»
КЕАҚ

Басқарма мүшесі – Әлеуметтік және тәрбие
жұмыстары жөніндегі проректор

 У.С. Ибраев

« 08 » 06 2026 ж.


**2025-2026 ОҚУ ЖЫЛҒЫ УНИВЕРСИТЕТТЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АНЫҚТАУ МАҚСАТЫНДА
ЖҮРГІЗІЛГЕН САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ЖОСПАРЫ**

№	Ұсынымдар	Ұсынымдарды орындау бойынша іс-шаралар	Орындалу мерзімі	Жауапты	Орындалғандығы туралы белгі
1.	Бас оқу ғимаратында тұрақты жұмыс істейтін медпункт ашу	2026–2027 оқу жылында университеттің бас оқу ғимаратында медициналық пункт ашу жоспарлануда.	2026-2027 жыл	Г.Т. Есмаханова	
2.	Әр оқу корпусында медициналық кабинет ұйымдастыру	Бұл бағыттағы жұмыстар университеттің даму жоспарына енгізілген. Қазіргі таңда тиісті құжаттарды әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.	Алдағы 5 жыл	Г.Т. Есмаханова	
3.	Медпункттердің жұмыс кестесін тұрақты және ашық ету	Университеттің ресми сайтындағы «Медициналық орталық» парақшасында медициналық пункттердің жұмыс кестесі мен көрсетілетін қызметтері туралы ақпаратты орналастыру жоспарланған.	Жыл бойы	Г.Т. Есмаханова	
4.	Алғашқы медициналық көмек құралдарын толық қамтамасыз ету	Университеттің 3 медициналық пунктін алғашқы медициналық көмек көрсетуге қажетті дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету жүйелі түрде жүзеге асырылады, сондай-ақ әр оқу жылының басында олардың қорын толықтыру жоспарланған.	Жыл бойына	Г.Т. Есмаханова	

5.	Студенттерге медициналық қызмет туралы ақпаратты кеңінен тарату	Жыл бойына медбикелер барлық оқу ғимараттары мен жатақханаларда жоспарға сәйкес іс-шаралар ұйымдастыратын болады	Жыл бойына	Г.Т. Есмаханова	
6.	Медпункттің орналасқан жерін нақты белгілеп көрсету (табличка, карта)	Медициналық пункттердің орналасқан орындары туралы ақпарат университеттің ресми сайтындағы «Медициналық орталық» бөлімінде жарияланатын болады. Атап айтқанда, медициналық пункттердің келесі жатақханаларда жұмыс істейтіні көрсетіледі: №5 жатақхана – Ажарова көшесі, 34; №2 жатақхана – Төле би көшесі, 36В; №3 жатақхана – Назарбаев даңғылы, 66А.	Жыл бойына	Г.Т. Есмаханова	
7.	Жедел медициналық көмек жүйесін енгізу	Жедел медициналық көмек көрсету жүйесін енгізу және жетілдіру мақсатында медициналық пункттердің материалдық-техникалық базасын нығайту, шұғыл көмек көрсету алгоритмдерін әзірлеу, медицина қызметкерлерін оқыту және төтенше жағдайларға жедел ден қою тетіктерін іске асыру жоспарланған.	Жыл бойына	Г.Т. Есмаханова	
8.	Медициналық қызмет сапасын арттыру үшін біліктілікті арттыру курстарын өткізу	Медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында медицина қызметкерлерінің біліктілігін жетілдіру бойынша курстарға, семинарларға, тренингтерге және ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы жоспарланады. Сонымен қатар алғашқы медициналық көмек көрсету, шұғыл жағдайларда әрекет ету және профилактикалық жұмыстарды жүргізу	Жыл бойына	Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығы, Г.Т. Есмаханова	

		бойынша тұрақты оқыту іс-шараларын ұйымдастыру көзделеді.			
9.	Профилактикалық тексерулер мен денсаулық туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу	<p> Университетте студенттер мен қызметкерлердің денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында профилактикалық медициналық тексерулер, денсаулық мектептері, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, тақырыптық дәрістер мен семинарлар, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған мәдени-спорттық іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылатын болады </p>	Жыл бойына	Г.Т. Есмаханова	

Медициналық орталық медбикесі



Г.Т. Есмаханова